

2012 жылғы 17 қыркүйекте болған
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша

ҰСЫНЫСТАР

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Мамытбековтің «Қазақстан Республикасында ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру» мәселесі бойынша баяндамасын тыңдап және талқылай келіп, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қазіргі таңда мемлекеттің жыл сайын қомақты бюджет қаражатын бөліп отырғанына қарамастан, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауында іске асыру қажеттігі ерекше атап көрсетілген, мал шаруашылығы өнімінің экспорттық әлеуетін арттыруды және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздейтін етті мал шаруашылығын дамыту жобасының орындалмай қалу қаупі бар екенін атап өтеді, осыған орай Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың мал шаруашылығы саласының даму әлеуетін іске асырып, елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту жөніндегі тапсырмаларының бұлжытпай орындалуын қамтамасыз етсін.

2. Малдардың эпизоотиялық ауруларымен күрестің ветеринариялық іс-шараларын жүргізу стратегиясын басымдық бере отырып белгілесін.

3. Жеке, заңды және лауазымды тұлғалардың ветеринариялық заңнаманы сақтамағаны және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды туындатқаны үшін жауапкершілігін арттыруға қатысты заң жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізсін.

4. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен оның құрылымдық бөлімшелеріне бөлінетін бюджет қаражатының жүйелі түрде әрі уақтылы игерілмей қалуын түбегейлі жою үшін шаралар қабылдасын.

5. Қолда бар мал басын объективті түрде есепке алу мақсатында ауыл шаруашылығы малдарының толықтай сәйкестендірілуін қамтамасыз етсін.

6. Қол жетімді бағада түр-түрі мол препараттары бар ветеринариялық дәріханалар желісін кеңейтсін.

7. Кейіннен сатылатын ауыл шаруашылығы малдарын тек қана ет өңдеу кәсіпорындарында, ауыл шаруашылығы малдарын сою пункттерінде немесе алаңдарында союды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдасын.

8. Ағымдағы және болжамды сұранысқа сәйкес ветеринария мамандарын даярлауға арналған мемлекеттік білім тапсырысын көбейтетін болсын.

9. Ветеринария мамандарын ауылдық жерлерге тарту үшін «Дипломмен – ауылға!» атты мемлекеттік бағдарлама шеңберінде оларға әлеуметтік қолдау көрсетуді қамтамасыз етсін.

10. Ветеринария мамандарын даярлауды жүзеге асыратын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу-өндірістік базасын жаңарту және қайта жарақтандыру шараларын қарастыратын болсын.

11. Бірыңғай Кеден Одағы шеңберінде Қазақстан Республикасының ветеринариялық заңнамасын Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының ұқсас заңнамасымен үйлестіру мақсатында заңнамалық базаға мониторинг жүргізісін.